ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 7 маусым №4360-23-00-2/1019 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья С. Умарсирикова,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Сапа Ка» – Райымбек Абдираманов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қою қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Сапа Ка» – Райымбек Абдираманов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Сапа Ка» – Райымбек Абдирамановтан мемлекеттік пайдасына 16 656 (он алты мың алты жүз елу алты) теңге тұрақсыздық айыбы мен сот шығыны 2 225 (екі мың екі жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде

апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге немесе прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья С.Умарсирикова

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 07.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.07.2023, судья Еламанов Н. Б., 26.07.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»